

"Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 18 шілдедегі N 424 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы N 21 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 23 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5511 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 19 мамырдағы N 224 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.05.19 N 224 бұйрығымен .

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 18 шілдедегі N 424 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 25 тамызда N 5288 тіркелген, "ЗАң газетінің" 2008 жылғы 22 қазандағы N 161 (1561) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындауға үміткерлерді конкурстық іріктеуді өткізу жөніндегі нұсқаулықта:

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Үміткерлерді психологиялық тестілеуді қызметінің негізгі бағыттарының бірі тестілеу өткізу, оның ішінде психологиялық тестілеу өткізу болып табылатын жеке және/немесе занды тұлғалар (бұдан әрі - психологиялық тестілеу өткіzetін адам) жүзеге асырады.";

мәтіндегі "психологиялық тестілеу өткізу ұйымы", "психологиялық тестілеу өткізу ұйымына", "психологиялық тестілеу өткізу ұйымымен" деген сөздер "психологиялық тестілеу өткіzetін адам", "психологиялық тестілеу өткіzetін адамға", "психологиялық тестілеу өткіzetін адаммен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы өзгерістердің қолданысы 2008 жылғы шілдеден бастап туындаған қатынастарға таратылсын.

3. Дамыту стратегиясы департаменті (С. Ырсалиев):

- 1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат қуралдарында жарияласын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К.Н. Шемшидиноваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ж. Тұймебаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК